

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

Әз Тәукенің жазғы ордасы орналасқан тұрақты тарихи-туристік нысанға айналдыру қажет



Таяуда өткен елорданың 20 жылдық мерекесіне арналған салтанатты жиында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Астана ел қамын жеген Едігеден бастап әз Тәукеге дейінгі қазақ хандарының ордасы болған. Менің тапсырмам бойынша зерттеу жүргізген астаналық археологтер Есіл бойындағы Күйгенжар ауылынан әз Тәуке ханның жазғы ордасының орнын тапты» деген еді.

Жоғарыда Елбасы баяндамасында атап өтілген әз Тәуке хан 1680-1718 жылдары Қазақ хандығының тізгінін ұстаған. Ол өз дәуірінде хандықтың ішкі қатынасын нығайту үшін «Жеті Жарғы» сияқты ұлыс басқарудың құқықтық құжатын қабылдатып, сыртқы жаудан қорғану үшін әскери-территориялық үш жүздік құрылымды өмірге әкелген. Ел басқарудағы көреген саясатының арқасында халық оны «Әз Тәуке» деп атап кеткен.

Осы бір қазақ тарихына еңбегі сіңген тұлғаның жазғы ордасы елорда іргесіндегі Күйгенжар ауылында болғандығы жайлы кезінде шежіреші-жазушы Жайық Бектұров 1990 жылдары «Ана тілі» апталығы арқылы жалпақ жұртты хабардар етсе, 1994 жылы Р.Нуртазина деген автор «Мәдениет» газетіне «Близ озера Есил, в частности, место где он умер в народе называют Куйгенжар, которое находится в 5 километрах от центра совхоза п.Мичурино, это ныне Акмолинская область» деп мәлімет беріпті. Сол сияқты жергілікті өлкетанушы Клара Әмірқызы 1997 жылы жарық көрген «Қиылған ғұмырлар» атты монографиясында да жоғарыдағы мәліметті келтірген.

Бірақ бұл авторлар «ханның жазғы ордасы Күйгенжарда» дегені болмаса, оның нақты орналасқан нүктесін анықтап бере алмаған-тын. Бұл істің нүктесі 2012 жылы қойылды. Оны атқарған адам – танымал этнолог, тарих ғылымдарының докторы Жамбыл Артықбаев.

Жақында хан ордасының ескі жұртын тауып, оған қазық қаққан Жамбыл Омарұлымен бірге тарихи нысанды барып көрдік. Тарихи орынның қазіргі жай-күйі «Хан ордасы» дегеннен гөрі «Хан қорымы» деуге көбірек келетін сияқты. Өйткені бұл қоныс қазір адам жерлейтін зиратқа айналыпты. Бір таңданарлық жайт, хан орда тіккен орын аман сақталған. Қаншама жыл өтсе де қорғанның қамал-сұлбасы сол қалпында сайрап жатыр.

Үш жыл орданың ескі жұртына студенттер әкеліп, жеңіл барлау жұмысын жүргізген Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Археология және этнология» кафедрасының профессоры Жамбыл Артықбаевтың сипаттауынша, орда тігілген қорғанның ұзындығы 100, оңтүстік бөлігінің ені – 60, солтүстік ендігі 40 метр шамасында. Сырты екі қатар ормен қоршалып, 150 метр қашықтықта орналасқан Есіл өзенінен шығыршық арқылы су алынып, ол арық арқылы орда ішіне ағызылған.

– Қорғанның батыс бөлігіндегі шурфтың орналасуын зерттей келе, ханның жазғы ордасы XVII ғасырдың сексенінші жылдары салынды деген болжамға тоқтадық, – дейді тарихшы-этнолог. Сонымен қатар зерттеуші ғалым ордаға кіретін қос қақпа болғанын дәлелдеп, бекініс ішінде он екі қанат киіз үйлер тігулі тұрған деген жорамал айтады. Осы болжам негізінде орданың реконструкциясы жасалып (суретте), оның болжамды сызбасы анықталған.

Бұл істің басы ғана. Алда атқаратын шаруа ұшан-теңіз. Атап айтқанда, қасиетті нысанға әуелі археологиялық қазба жұмыстары жүргізілуі тиіс. Ол үшін жұмыс жоспары жасалып, міндеттемелер нақтылануы қажет. Ең бастысы, қаржы көзі қарастырылуы керек. Бұл іс тиянақты атқарылған жағдайда, орда-нысанның аумағы анықталып, саяси-қоғамдық міндет атқарушы хан ставкасының формасы айқындалып, оның жобалық пішіні жасалар еді. Бұл шаруа өз кезегінде жастардың тарихи зердесін оятуға септігі тиері анық. Сонымен қатар археологиялық қазба барысында заттық жәдігерлер табылып, елорда тарихының жаңа парағы жасалуы әбден мүмкін.

Екінші ескеретін дүние – хан ордасы орналасқан аумақты жағалата адам жерленіпті. Алды сонау өткен ғасырда қойылса, соңғы адамның жамбасы 29 маусым күні жерге тиген. Ертеңгі күні орданың орны жаңғыртылып, ашық аспан астында тарихи-

танымдық музей-нысан жасалған жағдайда мына зираттарды қайтеміз. Түре қопарып көшіреміз бе?! Бұл өте-мөте ойланарлық жағдай.

Бұл сұраққа жауап алу үшін біз нысаннан кетпей тұрып, қала аумағындағы зираттардың бағым-күтімі мен адам жерлеу ісіне жауапты мекеме «ИнтерСоюзСервис» ЖШС өкілін шақырдық. Бізбен тілдесуге келген Әсет Қосанов (қазақтан шыққан алғашқы Олимпиада жүлдегері желаяқ Ғұсман Қосановтың немересі) мұндағы жағдайды толық түсінген соң, бұдан былай мұнда адам жерлеуді тоқтату қажеттілігіне көз жеткізгендей болды.

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ